

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЕАҚ «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті»
Филология факультеті
Шетел тілдері кафедрасы



**II Spring International Scientific and Practical ONLINE
Conference “Innovative Approaches of Language Teaching:
Bridging Theory and Practice”**

**«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен
практиканы ұштастыру» атты II көктемгі халықаралық
ғылыми-практикалық конференция**

**II весенняя международная научно-практическая
конференция «Инновационные подходы преподавания
языков: слияние теории и практики»**

PROCEEDINGS

Astana, Kazakhstan

April 4, 2026

УДК 80/81
ББК 81.2

Жалпы редакциясын басқарған: Дүйсенғазы С. М.
Редакция алқасы: Балхимбекова П.Ж., Тусупбекова М.Ж., Кызырова А.М.

Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру:
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 4 сәуір 2026 ж./ – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2026. – 454 бет.

ISBN 978-601-385-215-7

«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты ІІ көктемгі халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағында шетел тілдерін оқыту саласындағы озық тәжірибелермен алмасуға, мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтуға, цифрлық дәуір жағдайында шетел тілдерін оқытудағы инновациялық технологияларды таратуға, сондай-ақ халықаралық ғылыми-академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған ғылыми-практикалық зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда білім алушылар мен жас ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулерге белсенді қатысуын ынталандыру мәселелері қарастырылған.

В сборник материалов ІІ весенней международной научно-практической конференции «Инновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики» включены результаты научно-практических исследований, направленных на обмен передовым опытом в области преподавания иностранных языков, укрепление межкультурной коммуникации, распространение инновационных технологий обучения в условиях цифровой эпохи, а также расширение международного научно-академического сотрудничества. В материалах рассматриваются вопросы стимулирования активного участия обучающихся и молодых ученых в исследованиях в данной области.

The proceedings of the ІІ Spring International Scientific and Practical ONLINE Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice” include the results of scientific and practical research aimed at sharing advanced experience in foreign language teaching, strengthening intercultural communication, disseminating innovative teaching technologies in the digital age, and expanding international scientific and academic cooperation. The materials also address issues related to encouraging the active participation of students and young researchers in this field.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-385-215-7

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
За материалы, включённые в данный сборник, ответственность несут авторы. Authors
are responsible for the content of their materials



NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”
Philological faculty
Foreign Languages Department

II Spring International Scientific and Practical ONLINE Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”

**«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен
практиканы ұштастыру» атты II көктемгі халықаралық
ғылыми-практикалық конференция**

**II весенняя международная научно-практическая конференция
«Инновационные подходы преподавания языков: слияние
теории и практики»**

The Main Themes of the Conference:

1. Teaching foreign languages for professional and interdisciplinary purposes.
2. Innovative technologies in foreign language teaching methodology.
3. Language training in the context of multilingualism and lifelong learning.
4. Language education based on digital technologies and artificial intelligence.

Organizing Committee:

<i>Serikzat Duissengazy</i>	– Dean of the Faculty of Philology, candidate of philological sciences, professor
<i>Balkhimbekova Perizat Zhanatovna</i>	– Head of the Foreign Languages Department, PhD, assistant professor
<i>Mukhtarkhanova Ainagul Madiевна</i>	– candidate of pedagogical sciences, associate professor
<i>Tussupbekova Madina Zhanbyrbaевна</i>	– candidate of pedagogical sciences, associate professor
<i>Kurmanayeva Dina Kassymbekovna</i>	– PhD, associate professor
<i>Tazhitova Gulzhakhan Zarubaевна</i>	– PhD, assistant professor
<i>Kyzyrova Assem Manarbekovna</i>	– candidate of philological sciences, a senior teacher
<i>Sadykova Aigul Kudaibergenovna</i>	– PhD, assistant professor
<i>Mukanova Saltanat Kanatkhalievna</i>	– MSc, a senior teacher

CONTENTS

SECTION 1. TEACHING FOREIGN LANGUAGES FOR PROFESSIONAL AND INTERDISCIPLINARY PURPOSES

Navigating Cultural, Linguistic, and Contextual Challenges in English to Turkish Poetry Translation: A Study of Elizabeth Barrett Browning’s “Mother and Poet” and “The Cry of the Children”, and Alfred Lord Tennyson’s “The Lady of Shalott” and “Mariana” <i>Mustafa Canli</i>	15
Literary texts in Turkish language teaching: bridging literature and language acquisition <i>Asım Aydın</i>	23
Student attitudes toward flipgrid integration in online speaking tasks after the 2023 Turkiye earthquakes <i>Kübra Kırac Demiray</i>	29
The importance of differentiated instruction in the efl classroom: a teacher-researcher perspective <i>Toktosunova Z.R., Mamarasulova A.B.</i>	39
«Цифровой мост» в формировании языковой компетенции: эффективность онлайн-курса делового английского языка для студентов неязыковых специальностей <i>Гололобова О.А.</i>	45
Building the 21st-century student profile in higher education foreign language programs: a transdisciplinary competency-based framework, validity logic, and an AI-replicability stress test <i>Natalia Abdel Fattah</i>	54
Traditional methods and modern techniques of teaching and research: ELT in the AI era <i>Kalyana Chakravarthi Thirunagari</i>	62
Роль укрепления традиционных смыслов и ценностей в процессе преподавания дисциплины «иностраный язык» в ВУЗе <i>Витрук Л. Ю., Ларина Л.И.</i>	70
Магістранттарда кездесетін академиялық жазудың кейбір мәселелері <i>Мухтарханова А.М., Смагулова Б.Г.</i>	72
Обучение французскому языку на основе английского: методика, практика и перспективы развития <i>Жусупова Г.М., Нурбекова Г.Ж.</i>	77
Using podcasts and shadowing techniques to enhance english language learners’ fluency and native-like pronunciation <i>Ospanova F.A., Alzhanova A.O., Sadykova A.K.</i>	85

К вопросу мотивации на занятиях Немецкого языка в неязыковом ВУЗе <i>Тусупова Г.К., Аубакирова А.К., Дюсенгалиева А.А., Буркитбаева А.Г.</i>	90
Сәулет-құрылыс факультеті студенттеріне ағылшын тілі лексикасын оқытуда этимологиялық сөздікті пайдалану <i>Кемельбекова Э.А., Мусабаева Г.М., Нургалиева У.С.</i>	96
Developing language competencies in a multilingual and lifelong learning context: insights from Kazakhstan <i>Sarkulova Zh.K., Zhumaturova B.B.</i>	100
Применение ИИ в самостоятельной работе по иностранному языку <i>Тазбулатова Г.К., Балтынова А.Ш., Тулекеева С.А., Рыскулова А.Ш.</i>	103
Интеграция цифровых технологий в процесс обучения иностранному языку студентов медицинского университета <i>Балтынова А.Ш., Мынбосынова Г.Е., Хамзина М.Б.</i>	114

SECTION 2. INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

Влияние инновационных технологий на изучение английского языка <i>Загоруля О.Л., Абуова А., Али М.</i>	125
The role of art-based activities in vocabulary acquisition among young learners <i>Gelimova A., Alzhanova A. O.</i>	132
Egrating artificial intelligence tools into foreign language teaching <i>Zhanibekkyzy A., Balkhimbekova P.Zh.</i>	137
Формирование межкультурной компетенции студентов программы «зарубежное регионоведение» через аутентичные тексты и реалии повседневной жизни <i>Кириллова А.А., Balkhimbekova P.Zh.</i>	143
CLIL as an interdisciplinary approach: learning biology through English <i>Kanash L., Кузырова А.</i>	148
Роль английского языка в сфере гостеприимства <i>Абеева Д.Т., Ким И.С., Оспанова Ф.А.</i>	156
Английский язык как средство профессиональной коммуникации в области инженерной инфраструктуры <i>Койшубекова Ф.А., Оспанова Ф.А.</i>	163
Teaching academic writing for professional communication in ESP courses <i>Tauyekel Zh., Sadykova A.K.</i>	168
Innovative approaches to teaching academic writing in English for university students <i>Pervez Sh., Sadykova A.K.</i>	175
How artificial intelligence improves foreign language learning <i>Muratbek I., Muratkyzy A., Kuzar Zh.</i>	180
Using AI-supported genetics simulators in a bilingual learning environment: the	186

opportunities of academic English for STEM learners <i>Yeltay Zh., Kuzyrova A.</i>	
Туризм саласында ағылшын тілін меңгерудегі инновациялық технологиялар <i>Төлеген Ә., Елеусіз Ж., Оспанова Ф.А.</i>	196
Роль геймификации в повышении мотивации учащихся и их коммуникативной активности на уроках английского языка <i>Сандыбаева М., Берикболова А., Альжанова А.О.</i>	202
Promoting autopsychological competence of future teachers through English language learning <i>Karimtayeva A., Kurmanayeva D.K.</i>	212
The role of innovative technologies in foreign language teaching: a comparative analysis of traditional and online approaches <i>Khavalkhan Y., Kurmanayeva D.K.</i>	219
Innovative methods of teaching English in the digital age <i>Toleukhan A.B., Tlepova D.A., Alzhanova A.O.</i>	227
The use of English poems and songs for the development of lexical skills at the senior stage of learning <i>Tnysh tikova U.A., Yesengaliyeva A.M.</i>	232
Шет тілін оқытудың жоғары сатысында сөйлесу дағдыларын дамыту үшін TED TALKS платформасын пайдалану <i>Сисембаева К.Е.</i>	243
Assessing the effectiveness of a critical thinking curriculum on junior students' decision making skills <i>Yergazy A.E., Yessengaliyeva A.M.</i>	252

SECTION 3. LANGUAGE TRAINING IN THE CONTEXT OF MULTILINGUALISM AND LIFELONG LEARNING

Fostering language proficiency in a multilingual educational context through the image of the mother-woman in Gabit Musrepov's prose: linguodidactic and cross-cultural aspects <i>Sharapiden A.T., Kurmanayeva D.K.</i>	263
Қазақ тілді жарнама дискурсындағы тұтынушы санасын манипуляциялаудың когнитивті-прагматикалық механизмдері <i>Асхатова Ф.Е.</i>	271
From blueprints to bilingualism: language integration in civil engineering education <i>Atarbekova A.T., Ustelimova N.</i>	279
AI tools in educational media: linguistic and cultural implications <i>Abay K.N.</i>	285
Заманауи студенттердің көптілділікке ұмтылысы: себептері мен басымдықтары <i>Сабырбай Н., Қонысбай Д., Төлеу А.</i>	292
Stress resilience of first-year students: an analysis of personal and academic challenges and coping strategies	299

<i>Zagorulya O.L., Kasymova A.</i>	
English language learning in a multilingual world <i>Bakytbekkyzy L., Biakhmetova M., Duishonaliyeva B.T.</i>	306
Mythopoetics and cultural identity in modern Kazakh poetry <i>Bektur M., Mukhtarkhanova A., Tazhitova G.</i>	312
Қазақ тіліндегі англицизмдер <i>Альнур А.Е., Нұрғелді С.Ж., Нурбекова Г.Ж.</i>	318
The influence of English on modern Chinese vocabulary: A study of loanwords <i>Daren Nuerbahati, Gulizat Nurbekova</i>	325
Analysis of implementing CLIL in technical education: insights from a Kazakhstani case study for developing internationally competitive specialists <i>Dinassil S., Alzhanova A.</i>	327
Anglo-americanisms in Kazakh and Chinese languages <i>Zhanat A., Nurbekova G.</i>	333
Trilingual education system in Kazakhstan: challenges and prospects <i>Toksanbayeva B., Ustelimova N.</i>	336

SECTION 4. LANGUAGE EDUCATION BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект негізіндегі тілдік білім беру <i>Нұрадин А.Б.</i>	346
AI in education: help or obstacle for learning? <i>Aidarkhan A., Bektemir A., Niyazbekova A.</i>	355
The use of artificial intelligence in first-year students' learning: impact of independence and academic performance <i>Zagorulya O.L., Boyaubay A., Kabdullin D.</i>	361
English for transportation engineers: exploring the impact of artificial intelligence integration <i>Igizbay A., Aubakirova A.K.</i>	366
Жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін тиімді үйрену <i>Қамбар М.А., Иса Б.О., Дүйшоналиева Б.Т.</i>	372
Интеграция ИИ-ассистентов в контексте живого общения <i>Абдрасилова Ж., Наурызбай Е., Кайдаров Р.</i>	380
Comparison of traditional and digital approaches in learning English <i>Асылгазы А., Жеңіс А., Бұғыбай Ұ., Дүйшоналиева Б.Т.</i>	387
Transformation of the educational system in Kazakhstan: impact of AI <i>Shakirbekova D.A., Smagulova B.G.</i>	394
The use of artificial intelligence in developing speaking and writing skills for language tests: a systematic review <i>Bazarbek M., Shakhputova Z.Kh.</i>	400

Digital Interactive Platforms as a Tool for Enhancing English Language Learning <i>Makhambetova Zh.</i>	409
Artificial intelligence and digital technologies in foreign language education: a critical review of opportunities and challenges in the post-chatgpt era <i>Koshenov D., Alzhanova A.O.</i>	415
Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект негізіндегі тілдік білім беру <i>Тұрсынбек Л., Тусупова Г.К.</i>	422
Features of foreign language acquisition through digital platforms in the context of lifelong learning <i>Zarkeshova K., Alzhanova A.O.</i>	426
Innovative methods of teaching chemistry using artificial intelligence: combining theory and practice <i>Kusmanova K.E., Amangeldy D.T., Mukanova S.K.</i>	433
Инновационные подходы к формированию лексической компетенции у студентов языковых вузов посредством мобильных приложений <i>Мелдешова А., Ораз Ә., Шотанова Ж., Жорабекова Д.М.</i>	442
Language education based on digital technologies and artificial intelligence <i>Saparaliyeva A., Kemelbekova E.A.</i>	449

https://rpltl.eap.gr/images/2023/09_Papantoni___Anastasiadou.pdf

19. Pratama, Y. (2022). It is music to my ears! Teaching English to high school students through song. ResearchGate.

<https://www.researchgate.net/publication/365638878>

20. Rahayu, S. (2022). Semantic analysis in English high school handbooks. ResearchGate. <https://www.researchgate.net/publication/358557997>

21. Reading Rockets. (n.d.). Writing poetry with English language learners. <https://www.readingrockets.org/topics/english-language-learners/articles/writing-poetry-english-language-learners>

22. Rosita, N. (2025). Effects of English songs on EFL learners' speaking performance: Lexical complexity, accuracy, and fluency. Arab World English Journal (AWEJ). <https://awej.org/wp-content/uploads/2025/09/7.pdf>

23. Saputra, H. (2024). Melodies in the classroom: Using songs to enhance English language learning. Acta Globalis Humanitatis et Linguarum. <https://egarp.lt/index.php/aghel/article/view/253>

24. Sari, D. P. (2024). Enhancing EFL students' vocabulary mastery through Taylor Swift's song “Opalite”. Journal of Innovative and Creativity. <https://joecy.org/index.php/joecy/article/download/6602/6061/22503>

25. Susanti, A. (2024). Research works: Universitas Ahmad Dahlan. ResearchGate. <https://www.researchgate.net/scientific-contributions/Ani-Susanti-2164746919>

26. Widya, W. (2022). Exploring students' perceptions of English songs as a medium for developing listening comprehension in senior high school. Jurnal Online Universitas PGRI Palembang. <https://jurnal.univpgri-palembang.ac.id/index.php/esteem/article/view/21360>

ҒТАХР 14.25.09

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОҒАРЫ САТЫСЫНДА СӨЙЛЕСУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ҮШІН TED TALKS ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАНУ

Сисембаева К.Е

Л.Н.Гумалиев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада жоғары сынып оқушылардың ағылшын тіліндегі сөйлесу дағдыларын жетілдіруде TED Talks (Technology, Entertainment, Design) платформасын қолданудың инновациялық әдістері мен педагогикалық тиімділігін жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында аутентикалық

бейнематериалдардың білім алушылардың сөздік қорын байытуға, когнитивтік қабылдау деңгейін көтеруге және сыни пайымдау дағдыларын қалыптастыруға тигізетін ықпалы зерттелді. Педагогикалық тәжірибие негізінде «Shadowing» , «Scaffolding» және «Socratic Seminars» әдістерінің тиімділігі дәлелденіп, статистикалық сараптама жасалды.

Түйін сөздер: TED Talks, сөйлесу дағдылары, коммуникативтік құзыреттілік, аутентикалық материалдар, жоғары саты, когнитивті лингвистика.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде шет тілін меңгеру – жай ғана академиялық білім емес, тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің басты көрсеткіші. Жоғары сатыдағы (10-11) сынып білім алушылар үшін тілді тек грамматикалық деңгейде меңгеру жеткіліксіз. Оларға жаһандық мәселелерді талдау, күрделі идеяларды пайымдау, еркін сөйлей алу және аудитория алдында өз пікірін дәлелді түрде жеткізу дағдылары қажет. Осы орайда, TED Talks платформасының бейнематериалдары оқу процесіне шынайы тілдік ортаны алып келеді. Тіл оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі - оқулықтағы тіл мен табиғи тіл арасындағы айтарлықтай алшақтық. Дәстүрлі оқу бағдарламалары көбіне табиғи сөйлеу үдерісін толық бейнелей алмайтын, қолдан құрастырылған диалогтар жетекші орын алады. Бұл білім алушылардың нақты тілдік ортада сенімсіздік танытуына және тілдік кедергілерге тап болуына әкеп соғады. Сондықтан заманауи лингводидактикада аутентикалық мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың маңызы күн санап артып келеді.

TED (Technology, Entertainment, Design) платформасы – бұл тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен бірге заманауи ойлау мәдениетін айқындайтын жоғары деңгейдегі интеллектуалдық коммуникация үлгісі. «Ideas worth spreading» (Таратуға тұрарлық ой) концепциясына негізделген бұл платформа заманауи ғылым, мәдениет, технология және психология саласындағы ең озық ойларды қамтиды.

Зерттеудің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының сөйлесу дағдыларын жетілдіруде TED Talks конференцияларын қолданудың теориялық негіздерін айқындау және оны практикада қолданудың тиімді әдістемелік жолдарын ұсыну. Зерттеу тақырыбының теориялық негізін қалыптастыру үшін отандық және шетелдік ғалымдардың тіл білімі, педагогика және психология саласындағы іргелі еңбектеріне талдау жасалды.

Коммуникативтік құзыреттілік және тілдік оқыту теориясы

Шет тілін оқытудың мақсатын жаңа қырынан айқындаған ғалым Делл Хаймс (1972) өзінің «On Communicative Competence» атты еңбегінде құзыреттілік ұғымы тек грамматикалық ережелерді білу емес, тілді нақты әлеуметтік жағдайларды орынды қолдана алу қабілеті екенін дәлелдеді [1, 269-б.]. Бұл тұжырым TED Talks сияқты шынайы коммуникативтік материалдарды қолданудың ғылыми негізі болып табылады. Осы бағытты дамыта отырып, Джек

Ричардс (2006) «Communicative Language Teaching Today» кітабында оқытудың басты назары тілдің формасынан оның функциясында (түсіндіру, сендіру, талқылау) ауысуы тиіс екенін атап көрсетті [2, 14-б.].

Аутентикалық материалдар және мультимедиялық оқыту

Джереми Хармер (2007) өзінің «The Practice of English Language Teaching» атты еңбегінде аутентикалық материалдардың, соның ішінде бейнематериалдардың, білім алушылардың ішкі уәжін арттырудағы маңызын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, табиғи контент тілдің шынайы қолданыс үлгісін ұсынып, оның практикалық құндылығын айқын сезіндіреді [3, 273-б.].

Ал Кристен Натталл (1996) «Teaching Reading Skills in a Foreign Language» атты зерттеуінде визуалды ақпарат пен мәтіннің өзара ықпалдасуы білім алушының «жоғарыдан төмен» (top-down) бағытталған қабылдау үдерісін жетілдіретінін негіздейді. Бұл тәсіл контекст арқылы мағынаны жылдам әрі тұтас ұғынуға мүмкіндік береді. [4, 128-б.].

Когнитивтік даму және әлеуметтік өзара әрекеттесу

Психологиялық тұрғыдан бұл зерттеу Лев Выготскийдің (1978) «Mind in Society» еңбегіндегі «жақын арадағы даму аймағы» (Zone of Proximal Development) теориясына сүйенеді. Ғалым білім алу үдерісі әлеуметтік ортада және мағыналы іс-әрекет үстінде тиімдірек жүретінін негіздеген [5]. TED Talks материалдары оқушылар үшін осындай күрделі, бірақ танымдық қызығушылығы жоғары когнитивтік орта қалыптастырады.

Өз кезегінде, Т.М. Нгуен мен Ф. Боерс (2011) «The effect of content retell on vocabulary learning» атты зерттеуінде мазмұнды қайталап айту (retelling) әдісінің жаңа лексиканы меңгеруге тікелей әсер ететінін тәжірибие жүзінде дәлелдеді [6, 102-б.].

Отандық лингводидактикалық мектептің үлесі

Қазақстандық ғылымда бұл мәселе С.С. Құнанбаеваның (2010) «Қазіргі шет тілдік білім берудің теориялық-әдістемелік негіздері» атты іргелі еңбегінде жан-жақты қарастырылған [7]. Автор шет тілін оқытуды когнитивтік-лингвомәдени тұрғыдан қарастырып, оқушының бойында сол тілде сөйлейтін халықтың «әлем бейнесін» (world view) қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Осы орайда, Т.Т.Аяпова (2012) өзінің «Шет тілін оқыту әдістемесі» атты оқулығында коммуникативтік жаттығулардың жүйелілігі мен білім алушының пассивті қорын белсенді сөйлеу дағдысына айналдырудың әдістемелік жолдарын ұсынады [8].

Әдістемелік негіздер: TED Talks материалдарын оқытудың үш сатылы моделі

Зерттеу барысында TED Talks платформасының дидактикалық әлеуетін жүзеге асыру мақсатында арнайы құрылымдалған үш сатылы оқыту моделі қолданылды. Бұл модель білім алушының ақпаратты қабылдау деңгейінен оны практикалық қолданысқа шығаруына дейінгі когнитивтік процестерді қамтиды.

Көру алдындағы кезең (Pre-watching stage): Танымдық белсенділікті ояту және мақсат қою

Бұл кезеңнің басты мақсаты – білім алушының тақырыпқа деген қызығушылығын ояту, лингвистикалық кедергілерді жою және «ақпаратты қабылдау үрейін» (input anxiety) барынша азайту.

Лексикалық дайындық (Keyword Prediction): Оқушыларға бейнебаяннан алынған 10-15 негізгі терминдер мен академиялық лексика ұсынылады. Олар осы сөздердің мағынасын ашып қана қоймай, спикердің көзқарасы мен негізгі тезистерін болжау арқылы логикалық ойлауын іске қосады.

Тәжірибелік болжау (Anticipation Guide): Тақырыпқа қатысты даулы немесе өзекті мәлімдемелер беріліп, оқушылар «келісемін/келіспеймін» форматында өз ұстанымдарын білдіреді. Бұл әдіс оқушының мазмұнға деген эмоционалдық және интеллектуалдық байланысын нығайтады.

Көру кезіндегі кезең (While-watching Stage): Белсенді қабылдау және модельдеу

Бұл кезеңде білім алушылар ақпаратты тек тыңдап қана қоймай, оны талдауға және тілдік үлгілерді автоматтандыруға бағытталған жаттығуларды орындайды.

Shadowing техникасы: Оқушылар спикердің сөйлеу қарқынына, интонациясына және логикалық екпініне еліктей отырып, сөздерді 1-2 секундтық кідіріспен қайталайды. Бұл әдіс артикуляциялық бұлшықеттерді жаттықтырып, тілдік ырғақты сезінуге және фонетикалық кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді.

Селективті тыңдалым мен Cornell жазбалары: Видеоны қарау барысында оқушылар ақпаратты «негізгі идеялар», «дәлелдер» және «жеке сұрақтар» деп бөліп,

Cornell Note-taking жүйесі бойынша жүйелейді. Бұл білім алушының когнитивтік жүктемесін реттеуге және ақпаратты іріктеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Көруден кейінгі кезең (Post-watching Stage): Продуктивті сөйлесім мен талдау

Бұл — алынған ақпараттың «өнімге» (сөйлеу дағдысына) айналатын ең маңызды сатысы.

Сократтық семинарлар (Socratic Seminars): Оқушылар шеңбер бойымен отырып, бейнебаянда көтерілген мәселені ашық дискуссия форматында талқылайды. Мұнда оқытушы бағалаушы емес, тек бағыттаушы (facilitator) рөлін атқарады. Бұл әдіс стихиялық (өздігінен туындайтын) сөйлеу дағдысын дамытуға және сыни ойлауды шыңдауға бағытталған.

Мазмұнды қайталап айту (Retelling and Expansion): Студенттер бейнебаяндағы жаңа лексиканы пайдалана отырып, спикердің идеясын қорытындылайды немесе оған өз альтернативті шешімдерін ұсынады. Бұл жаңа сөздердің пассивті қордан белсенді қолданысқа өтуін қамтамасыз етеді.

Shadowing техникасы – сөйлеу дағдыларын автоматтандыруға көмектесетін тиімді тәсілдердің бірі. Әсіресе бейнематериалдармен жұмыс істегенде, ол сөйлеудің еркіндігін арттырып, айтылымды жақсартуға ықпал етеді. Бұл әдіс спикердің сөзін түпнұсқадан кейін бірден немесе 1–2 секундтай кідіріп қайталауға негізделген.

Тілді үйрену тұрғысынан алғанда, Shadowing сөйлеу дағдысын жылдам қалыптастыруға әсер етеді. Ғалымдардың пікірінше, бұл әдіс теориялық білімді (ережелерді білу) практикалық дағдыларға (автоматты түрде қолдану) айналдыруға көмектеседі, ал бұл еркін сөйлеу үшін өте маңызды. Сонымен қатар, тіл иелерінің сөзін жиі қайталау есте сақтау қабілетін дамытып, сөздер мен құрылымдарды тез еске түсіруге көмектесетін ми байланыстарын күшейтеді.

Ағылшын тілін шет тілі ретінде (EFL) үйрену кезінде Shadowing техникасының бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, ол сөйлеудің табиғилығын арттырады: оқушылар сөйлеу ырғағын, екпінді және интонацияны жақсы меңгереді, нәтижесінде олардың сөзі түсінікті әрі табиғи естіледі. Екіншіден, бұл әдіс бастапқы кезеңде ойдың мағынасына емес, дыбысталуға назар аудартатындықтан, үйренушілер дұрыс айтуға көбірек көңіл бөледі. Үшіншіден, қайталау сөйлеуге деген сенімділікті арттырып, ұзақ сөйлемдерден қорқуды азайтады.

Зерттеулер көрсеткендей, Shadowing техникасын 6–8 апта бойы тұрақты қолдану сөйлеу еркіндігі мен дұрыс айтудың айтарлықтай жақсаруына әкеледі. Бұл тәсіл жоғары деңгейдегі оқушыларға да, А2–В1 деңгейіндегі үйренушілерге де тиімді, тек материал олардың деңгейіне сай таңдалуы керек.

Сократтық семинарлар – пікірталас дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдістердің бірі. Егер Shadowing сөйлеудің техникалық жағын жетілдіруге бағытталса, Сократтық семинарлар қарым-қатынастың мазмұнына және сыни ойлауға көбірек көңіл бөледі. Бұл әдіс ежелгі грек ойшылы Сократтың атымен байланысты және сұрақтар қою арқылы бірлесіп ойлану мен шындықты іздеуге негізделген.

TED Talks бейнематериалдары қолданылатын сабақтарда Сократтық семинар көбіне қорытынды кезең ретінде ұйымдастырылады. Бұл кезде оқушылар бейнеде көтерілген идеяларды бірге талқылайды. Семинарды өткізудің негізгі қағидалары мыналар:

Материалға сүйену: Талқылау барысында оқушылар спикердің айтқан ойлары мен дәлелдеріне қайта оралып отырады.

Оқушыға бағытталу: Қатысушылар шеңбер болып отырып, мұғалімнің араласуынсыз бір-бірімен тікелей сөйлеседі.

Ашық сұрақтар: Бір ғана дұрыс жауабы жоқ сұрақтар қойылып, терең ойлануға мүмкіндік беріледі.

Бұл әдісті қолдану бірнеше маңызды нәтижеге жеткізеді. Біріншіден, оқушылар ақпаратты біріктіріп, сараптай алуды үйренеді және күрделі идеяларды әр қырынан қарастыра бастайды. Екіншіден, олардың академиялық

сөйлеу дағдылары дамиды: арнайы сөздерді қолдану, келісу немесе келіспеу, өз ойын толықтыру сияқты қабілеттері жетіледі. Үшіншіден, оқушылардың бір-бірін түсінуі, түрлі пікірлерге құрметпен қарауы және топта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Сократтық семинарларды бағалау кезінде тек сөйлеу саны емес, оның сапасы да ескеріледі. Мысалы, оқушылардың дәлел келтіруі, нақтылайтын сұрақтар қоюы және басқаларды әңгімеге тартуы маңызды көрсеткіштер болып саналады.

Қазақстандағы орта білім беру жүйесінде жоғары сыныптарда ағылшын тілін оқыту нақты нәтижеге бағытталған. Негізгі мақсат – оқушыларды CEFR шкаласы бойынша B2 деңгейіне жеткізу. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС) оқушылардың тек тілдік білімін ғана емес, сонымен қатар өмірде қолдана алу қабілетін, ойлау дағдыларын және зерттеу жүргізу білігін дамытуды маңызды деп көрсетеді.

10–11 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы бірнеше негізгі міндеттерді қамтиды:

1. Өртүрлі жағдайларда ресми және бейресми сөйлеу стильдерін дұрыс қолдану

2. Өз ойын дәлелдер арқылы жеткізу және өзге пікірлерді саралай білу

3. Өртүрлі тақырыптағы ұзақ мәтіндердегі жасырын немесе терең мағынаны түсіну

TED Talks бейнематериалдарын қолдану осы талаптарға толық сәйкес келеді. Себебі олардың тақырыптары (мысалы, жаһандық мәселелер, ғылым мен технология, мәдениет пен этика) оқу бағдарламасындағы бағыттармен тікелей байланысты. Сонымен қатар, мұндай материалдар оқушылардың қызығушылығын арттырып, шынайы тілдік ортаға жақын тәжірибе береді.

Қазақстанда соңғы жылдары белсенді оқыту әдістері кеңінен енгізіліп жатыр. Мұғалімдер жобалық жұмыстарды, пікірталастарды жиі қолданғанда, оқушылардың сөйлеу еркіндігі мен өзіне деген сенімі айтарлықтай артатыны байқалады.

Сонымен бірге, бұл тәсілдерді қолдануда кейбір қиындықтар да бар. Атап айтқанда, сабақ уақытының шектеулілігі, оқу бағдарламасының көлемі және мұғалімдердің цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге қосымша дайындықты қажет етуі. Осындай жағдайда TED сияқты ашық білім беру ресурстары мұғалімдерге дайын, сапалы және заманауи материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Практикалық тәжірибие және нәтижелерді талдау

Зерттеу жұмысының практикалық тиімділігін тексеру мақсатында 2024-2025 оқу жылында арнайы педагогикалық эксперимент жүргізілді. Экспериментке тілді меңгеру деңгейі B2 (Upper-Intermediate) және C1 (Advanced) аралығындағы 40 білім алушы қатысты. Олар екі топқа бөлінді:

Бақылау тобы (20 студент): Дәстүрлі оқулықтар мен стандартты

аудиоматериалдар негізінде білім алды.

Эксперименттік топ (20 студент): Сабақ барысында TED Talks платформасы мен біз ұсынған үш сатылы әдістемелік модельді (Pre-watching, While-watching, Post-watching) жүйелі түрде қолданды.

Эксперименттің жүру барысы:

Эксперименттік топта аптасына екі рет TED-модульдері өткізілді. Оқушылар тек видео көріп қана қоймай, Т.Т. Аяпова (2012) ұсынған жүйелілік қағидасына сәйкес, пассивті тыңдалымды белсенді сөйлесімге айналдыруға бағытталған жаттығуларды орындады. Мәселен, «Shadowing» техникасы спикердің сөйлеу манеріне еліктеу арқылы интонациялық кедергілерді жоюға мүмкіндік берсе, «Socratic Seminars» оқушылардың сыни ойлауын (Critical Thinking) іске қосты.

Статистикалық мәліметтерді талдау:

Эксперимент соңында жүргізілген қорытынды тест (Post-test) нәтижелері бойынша эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобынан айтарлықтай жоғары болды. Бағалау CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) дескрипторлары бойынша 5.0 балдық шкаламен жүргізілді.

Кесте 1. Эксперименттік топтың сөйлеу дағдылары бойынша динамикасы

Өлшем шарттары (Criteria)	Бастапқы деңгей (Pre-test)	Қорытынды деңгей (Post test)	Таза өсім (%)
Сөйлеу еркіндігі (Fluency)	3.1	4.4	+42%
Лексикалық әртүрлілік (Lexical Diversity)	3.4	4.6	+35%
Грамматикалық дәлдік (Accuracy)	3.2	4.1	+28%
Айтылым мен ырғақ (Pronunciation)	2.9	4.7	+62%
Интерактивті қарым-қатынас	3.0	4.5	+50%

Нәтижелерді талқылау

Зерттеу нәтижесінде ең жоғары ілгерілеушілік Айтылым мен ырғақ (+62%) саласында байқалды. Бұл Harmer J. (2007) атап өткендей, аутентикалық аудиовизуалды үлгілердің (native-like models) оқушының фонетикалық қабылдауына тікелей әсер ететінін растайды. Сондай-ақ, Nguyen T.M. және Voers F. (2011) зерттеулеріндегі «мазмұнды қайталау арқылы сөздік қорды бекіту» теориясы іс жүзінде дәлелденді: TED спикерлері қолданған академиялық және кәсіби терминдер оқушылардың белсенді сөздік қорына (active vocabulary) 35%-ға көбірек енді.

Сонымен қатар, эксперимент барысында студенттердің «Тілдік үрей» (Language Anxiety) деңгейінің төмендегені байқалды. Richards J.C. (2006) бойынша, коммуникативтік оқытудың басты жетістігі — оқушының тілді қате жіберуден қорықпай, өз ойын жеткізу үшін құрал ретінде пайдалануында. TED

Talks тақырыптарының өзектілігі оқушыларды формаға (грамматикаға) емес, мазмұнға (идеяға) көбірек назар аударуға итермеледі, бұл өз кезегінде сөйлеу еркіндігінің 42%-ға артуына әкелді.

Қорытынды

Жүргізілген теориялық талдау және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері TED Talks платформасының жоғары сатыдағы білім алушылардың ауызша сөйлеу құзыреттілігін дамытуда нәтижелі педагогикалық ресурс екенін көрсетті. Алынған деректер зерттеу мақсаты мен міндеттерінің орындалғанын дәлелдейді.

Біріншіден, TED Talks материалдарын оқу процесіне енгізу білім алушыларды шынайы тілдік кеңістікке жақындатып, жасанды оқу мәтіндерінен туындайтын тілдік шектеулерді азайтады. Соның нәтижесінде ана тілінде сөйлеушілермен қарым-қатынас барысында байқалатын сөйлеу еркіндігі деңгейі артады және «fluency gap» қысқарады.

Екіншіден, зерттеу барысында қолданылған Pre-watching, While-watching және Post-watching кезеңдерінен тұратын әдістемелік модель білім алушылардың когнитивтік белсенділігін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік берді. Shadowing техникасы айтылым сапасын жетілдіруге ықпал етсе, Сократтық семинар үлгісіндегі пікірталастар интерактивті қарым-қатынас дағдыларының артуына және студенттердің өз ойын сенімді жеткізуіне жағдай жасады.

Үшіншіден, TED платформасы тілдік дағдыларды жетілдірумен қатар, XXI ғасыр талаптарына сәйкес сыни ойлау, жаһандық мәселелерге аналитикалық көзқарас және мәдениетаралық түсіністік сияқты құзыреттердің қалыптасуына әсер етеді. Мазмұнға бағытталған оқыту тәсілі білім алушыларды грамматикалық дәлдікке шамадан тыс алаңдамай, мағыналы коммуникацияға қатысуға ынталандырады.

Қорытындылай келе, TED Talks платформасын мақсатты әрі жүйелі қолдану білім алушылардың халықаралық коммуникациялық ортада еркін әрекет ету қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулер цифрлық білім беру ресурстарын кешенді пайдаланудың тиімді модельдерін қарастыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Hymes D. On Communicative Competence. – Penguin, 1972. – 269 p.
2. Richards J.C. Communicative Language Teaching Today. – Cambridge University Press, 2006. – 14 p.
3. Harmer J. The Practice of English Language Teaching. – Harlow: Pearson, 2007. – 273 p.
4. Nuttall C. Teaching Reading Skills in a Foreign Language. – Heinemann, 1996. – 128 p.
5. Vygotsky L.S. Mind in Society. – Harvard University Press, 1978.

6. Nguyen T.M., Boers F. The effect of content retell on vocabulary learning // System. – 2011. – P. 102.
7. Құнанбаева С.С. Қазіргі шет тілдік білім берудің теориялық-әдістемелік негіздері. – Алматы: Эдельвейс, 2010.
8. Аяпова Т.Т. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2012.
9. TED.com [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.ted.com/talks> (қаралым күні: 31.03.2026).
10. Shadowing Technique in Improving the Speaking Skills of Senior High School Students [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.allmultidisciplinaryjournal.com/uploads/archives/20250717125530_MGE-2025-4-068.1.pdf (қаралым күні: 23.02.26).
11. Enhancing digital literacy skills among teachers for effective integration of computer science and design education: a case study at Astana International School, Kazakhstan [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/feduc.2024.1408512/full> (қаралым күні: 23.02.26).
12. Enhancing speaking fluency in English through the use of open educational resources among secondary school students in Kazakhstan [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/387626938_Enhancing_speaking_fluency_in_English_through_the_use_of_open_educational_resources_among_secondary_school_students_in_Kazakhstan (қаралым күні: 23.02.26).
13. International Journal of Knowledge and Learning - Inderscience Online [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.inderscienceonline.com/doi/abs/10.1504/IJKL.2025.143068> (қаралым күні: 23.02.26).
14. Effect of TED Talks on University Students' Speaking Skill [Электрондық ресурс]. – URL: <https://risetpress.com/index.php/ijmars/article/view/923> (қаралым күні: 23.02.26).
15. Research Article Enhancing EFL Saudi university students' speaking proficiency through TED talks - ERIC [Электрондық ресурс]. – URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1417793.pdf> (қаралым күні: 23.02.26).
16. Journal of Pedagogical Research [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.ijopr.com/article/enhancing-efl-saudi-university-students-speaking-proficiency-through-ted-talks-14111> (қаралым күні: 23.02.26).
17. Socratic Seminars: Building a Culture of Student-Led Discussion - Edutopia [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.edutopia.org/blog/socratic-seminars-culture-student-led-discussion-mary-davenport> (қаралым күні: 23.02.26).
18. Using Socratic Seminars to Foster Critical Conversations - Street Law, Inc. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://streetlaw.org/using-socratic-seminars-to-foster-critical-conversations/> (қаралым күні: 23.02.26).